

Темір жол көлігіндегі көліктік логистиканы құқықтық реттеу; Әуе көлігіндегі логистиканы құқықтық реттеу.

Көліктік логистика қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлану;
- 3) қауіпсіздік;
- 4) сақталу;
- 5) рәсімдердің тұтастығы;
- 6) тең қолжетімділік;
- 7) жаһандық көлік-логистика жүйесіне кірігу.

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау, көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру

Жүктерді, жолаушыларды, теңдеме жүкті, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көліктік-экспедициялық қызметтерді жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы:

- "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген рұқсатқа ие болуға;

- клиентпен белгіленген нысанда шарт (келісім-шарт) жасасуға;

- сәйкестікті растау саласындағы құжаттары бар көлік құралдарын беруге;

- клиентке және үшінші тұлғаға келтірген зияндарды, оның ішінде зая жіберген уақытты ақшалай тәпеп-тең өтеуге;

- жолаушы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оған қажетті қолайлыш және қызмет көрсету жағдайларын жасауға, ал жолаушы теңдеме жүгін өткізген ретте, оның теңдеме жүгінің дер кезінде тасымалдануы мен сақталуын қамтамасыз етуге;

- қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

- көлік қызметтері нарығында клиентке таңдау еркіндігін қамтамасыз етуге;

- жөнелтілетін жүктің өз сертификатына сәйкес келуін растайтын құжаттарды алуға;

- арнайы және әскери тасымалдауларды жүзеге асыруға өздерінің құзыреттері шегінде мемлекеттік органдардың талаптарын орындауға (бұл тасымалдауларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен өтеледі);

- Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру туралы заң актілерінде белгіленген тәртіппен өзінің жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруға;

мүгедектерге жолаушылар тасымалының, тасымалдаушылар көрсететін қызметтердің, қызмет көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, оларға тасымалдау бойынша қызметтер көрсету кезінде қолайлыш және қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

Тасымалдаушының, реттелетін тарифтер белгіленген жағдайларды қоспағанда, баға белгілеу ережелеріне сәйкес тасымалдау бағасын еркін белгілеу құқығы бар.

Тасымалдаушы, Қазақстан Республикасының көлік туралы заң актілерінде көзделгендерден өзге реттерде, заңды және жеке тұлғаларға тасымалдаудан бас тартуға құқылы емес.

Жүктерді, жолаушыларды, тенденце жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау кезінде және көлік-экспедиция қызметтерін жүзеге асыру кезінде клиенттің:

- өзі мен тасымалдаушы арасында жасалған шарттың орындалуын талап етуге;
- тасымалдау сапасы деңгейі оның сертификатына сай келуіне белгіленген тәртіппен дауласуға;
- келтірілген зиянның, соның ішінде босқа кеткен уақыттың ақшалай өтелеуін талап етуге құқығы бар.

Клиент:

- тасымалдаушымен жасалған шарттың ережелерін сақтауға;
- жүктің өз сертификатына сай келуін растайтын құжатты тасымалдаушыға беруге;
- тасымалдау ережелерін орындауға;
- жүк пен тенденце жүкті тасымалдауға дайын күйінде табыс етуге міндетті.

Жолаушы тасымалдау қағидаларында белгіленген уақыттан кешікпей тасымалдау басталғанға дейін жөнелту пунктіне келуге міндетті. Жөнелту пунктіне келу уақыты билетте көрсетіледі.

Клиент пен тасымалдаушының жекелеген құқықтары мен міндеттері тараптардың келісімімен тасымалдау шартында белгіленеді.

Жүктерді, жолаушыларды, тенденце жүкті, почта жөнелтілімдерін тасымалдау, көлік-экспедициялық операцияларды жүзеге асыру шарттары, тараптардың тасымалдау және көлік-экспедициялық операциялар жөніндегі жауапкершілігі нормативтік **құқықтық** актілерімен, сондай-ақ тасымалдау шарттарымен белгіленеді.

Қалалық рельсті көлік болған кезде жергілікті атқарушы орган Қалалық рельсті көлікпен жолаушылар тасымалдау қағидаларын бекітеді.

Аралас тасымал

Теміржол, теңіз, ішкі су, әуе және автомобиль көлігі көліктік логистика қағидаттарын қолдана отырып және көлік инфрақұрылымын пайдалана отырып аралас тасымалдар жүйесін құрайды.

Клиент (жүк жөнелтуші, жүк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы), аралас тасымалдар операторы мен әртүрлі көлік түрлерімен тасымалдаушылар аралас тасымалдарға қатысуышылар болып табылады.

Аралас тасымалдарды жүзеге асыру тәртібі мен талаптары, аралас тасымалдар шарттарын жасасудың және аралас тасымалдар кезіндегі өзара іс-қимылдың негізгі ережелері мен тәртібі уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін аралас тасымалдар қағидаларымен белгіленеді.

Аралас тасымалдар шарты

1. Аралас тасымалдар шарты мыналарды:

1) клиенттің (жұк жөнелтушінің, жұк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының) және аралас тасымалдар операторының құқықтары мен міндеттерін;

2) клиенттің (жұк жөнелтушінің, жұк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының) және аралас тасымалдар операторының жауапкершілігін;

3) бірыңғай тауар-көлік жүккүжатын (бірыңғай коносаментті) толтыру тәртібін;

4) жеткізу мерзімі мен шарттарын;

5) межелі пункттерді;

6) жүктердің көлемін;

7) төлем құны мен тәртібін қамтуға тиіс.

Аралас тасымалдар шарты аралас тасымалды үйымдастырудың осы Заңда және аралас тасымалдар қағидаларында көзделмеген өзге де талаптарын қамтуы мүмкін.

2. Аралас тасымалдар операторының:

1) өзінің қасиеттері, салмағы мен габариттік параметрлері бойынша аралас тасымал шартында көрсетілген жұк туралы деректерге сәйкес келмейтін жүкті аралас тасымалдаудан бас тартуға;

2) клиент (жұк жөнелтуші, жұк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы) көрсеткен жаңа межелі пунктке еңсерілмейтін күштің салдарынан жүкті жеткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, аралас тасымалдаудан бас тартуға және жұк жөнелтушіні бұл туралы алдын ала хабардар ете отырып, жүкті оған қайтаруға құқығы бар. Бұл ретте аралас тасымалдар операторының қосымша шығыстарын, егер шартта өзгеше көзделмесе, жұк жөнелтуші (жүкті алушы) төлейді;

3) клиенттен (жұк жөнелтушіден, жұк алушыдан, жолаушыдан, кемемен жалданушыдан) аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерін тиісінше орындауды талап етуге құқығы бар.

Аралас тасымалдар операторының Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар шартында белгіленген өзге де құқықтары бар.

3. Аралас тасымалдар операторы:

1) белгіленген мерзімде жүкті қабылдауға;

2) жүкті жөнелту пунктінен межелі пунктке әртүрлі көлік түрлерін пайдалана отырып тасымалдауды үйымдастыруға;

3) тасымалдаудың әрбір кезеңінде жүктің қозғалысына мониторингті қамтамасыз етуге;

4) бұкіл қозғалыс жолында жүктің сақталуын қамтамасыз етуге;

5) жүктің белгіленген мерзімде жеткізілуін қамтамасыз етуге;

6) жүкті алуға уәкілетті адамға (жұк алушыға) жүкті беруді қамтамасыз етуге міндетті.

Аралас тасымалдар операторы Қазақстан Республикасының заңдарында және аралас тасымалдар шартында белгіленген өзге де міндеттер атқарады.

4. Клиенттің (жұк жөнелтушінің, жұк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының):

1) мәлімделген жүкті тасымалдау үшін қозғалыс маршруты, көліктің құрамы мен түрлері туралы ақпарат алуға;

2) аралас тасымалдар операторынан аралас тасымалдар шарты бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап етуге;

3) жазбаша құжаттық дәлелдемелерді көрсеткен жағдайда, аралас тасымалдар кезінде келтірілген зиянды өтеуді талап етуге құқығы бар.

Клиенттің (жұк жөнелтушінің, жұк алушының, жолаушының, кемемен жалданушының) Қазақстан Республикасының заңдарына және аралас тасымалдар шартына сәйкес өзге де құқықтары бар.

5. Клиент (жұк жөнелтуші, жұк алушы, жолаушы, кемемен жалданушы):

1) аралас тасымал шартында көрсетілген мерзімге сәйкес аралас тасымалдар операторына жүкті беруге;

2) аралас тасымалдар операторына аралас тасымал шартында айтылған барлық тиесілі төлемдерді төлеуге міндетті.